



АКАДЕМИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ  
ПРИ ПРЕЗИДЕНТЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

***ТАҚЫРЫП: «Өскемен қаласында мүмкіндігі  
шектеулі балаларға арналған 70 орындық  
орталық ашу»***

***ЖОБА КОМАНДАСЫ: Қақан Г.  
Жанузақова Ә.  
Тельман М.  
Балқыбаева А.  
Кеңесханов А.  
Бабабек С.***



# Жобаның негіздемесі

**Қазіргі таңда мектептердің көпшілігінде мүмкіндігі шектеулі балаларға жағдай қарастырылмаған. Барлығы Өскемен қаласында 900-ден аса мүмкіндігі шектеулі балалар бар, оның ішінде 111 -і үйде отырып сабақ алатын балалар. Біздің жоба осындай балалардың бір-бірімен араласып психологиялық, мотивациялық және эмоциялық жағынан дамуына зор үлесін қосады. Сонымен қатар ата-аналар балаларын осы орталықта қалдыру арқылы жұмыс жасауға мүмкіндік алады. Біздің орталық 5-тен 10 жасқа дейінгі аралақтағы балаларға білім беріп қана қоймай арнайы оңалту мамандарының арқасында олардың денсаулығының жақсаруына әсер етеді.**



### **Жобаның мақсаты:**

- Өскемен қаласында 2022 жылдың қыркүйегіне мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған 70 орындық орталық ашу



### **Жобаның миссиясы:**

- Мүмкіндігі шектеулі балаларға сапалы және қолжетімді білім беру ортасын ұсыну



### **Жобаның табысты болу критерийлері:**

- Уақытымен жоспарлы ашылуы
- Арнайы талаптарға сай кадрлық штаттың болуы
- Оқушылардың санының жоспарға сай болуы
- Арнайы талаптарға сай оқу, материалдық техникалық құралдарымен жабдықталған орталық



### **Негізгі мерзімдері :**

- ЖСҚ бекіту – 26.05.2021 ж.
- Ғимаратты қабылдау алу – 30.05.2022 ж.
- Тізімді бекіту – 15.06.2022 ж.
- Штаттық бірлікті бекіту – 25.06.2022 ж.
- Оқу-үдерісінің график-жоспарларын бекіту – 01.07.2022 ж.талған орталық



# Стейкхолдерлерді басқару жоспары

Стейкхолдер	Жобадағы рөлі	Ықпал етуі бюджетке, мерзіміне т.б.(1-3)	Ықпал ету түрі +/-	Қызығушылығы (1 – 4)	Стейкхолдердің жобаға қатысты күтулері мен талаптары	Стейкхолдерге қатысты жобаның күтулері	Байланыс / тарту стратегиясы	Кезеңділігі
Білім бөлімі	Бастамашы	+3	+	+3	Арнайы оқу бағдарламасымен және қажетті мамандарды жинақтау	Арнайы оқу бағдарламаларға және қажетті мамандарды жинақтауда талаптарды белгілеу	корпоративтік почта	Тұрақты жоспар бойынша
Құрылыс бөлімі	Тапсырыс беруші	+3	+	+3	Стандарттық талаптарға сай оқу ғимаратын салу	Стандарттық талаптарды белгілеу және қолдау	Келісімшарт, корпоративтік почта	Тұрақты жоспар бойынша
Мердігер	Жүзеге асырушы	+3	+	+3	Жұмысты уақытылы және сапалы орындау	Жұмысты орындауға және оның нәтижесін тапсырыс берушіге өткізуге міндеттеледі	Келісімшарт, корпоративтік почта	Өндірістік жұмыс кестесіне сәйкес
жоба командасы және жобалаушылар	Бас жобалаушы	+3	+	+3	Жобаның Құрылыс нормаларымен талаптарына сәйкес жобалануы	Сәулет сызбаларымен және әртүрлі дизайндағы жоспарлармен жұмыс	Келісімшарт, корпоративтік почта	Жобаның күрделілігіне байланысты
Авторлық қадағалау	Қадағалаушы	+3	+	+3	Құрылыстың барысы мен сапасының жобалық құжаттамаға сай салынуы	Бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес орындалу	Келісімшарт, корпоративтік почта	Өндірістік жұмыс кестесіне сәйкес
Техникалық қадағалау	Қадағалаушы	+3	+	+2	Құрылыс барысында талапқа сай толықтай техникамен жабдықтау	Нысанның құрылыс заңнамасына, жобалау мен нормативті құжаттамаға сәйкес салынуы	Келісімшарт, корпоративтік почта	Өндірістік жұмыс кестесіне сәйкес
экономика басқармасы	Қаржы бөлуші	+3	+	+3	Жобаға бөлінген қаржыны тиімді игеру	Бөлінген қаражатқа сай сапалы ғимаратты салу	Келісімшарт, корпоративтік почта	Тұрақты жоспар бойынша
педагогтер	Білім беруші	+3	+	+3	Мүмкіндігі шектеулі балаларға сапалы	Балаларды оқыту барысында үлкен	Келісімшарт	Оқу маусымына



# SWOT – ЖОБА ТАЛДАУЫ

## Жобаның мықты жақтары:

1. Инклюзивті білім беру жүйесі ұйымдастырылған
2. Бейімделген оқыту бағдарламасы
3. Арнайы оқыту құралдарымен қамтылған
4. Архитектуралық жағынан қолайлы жағдай қарастырылған
5. Арнайы ас мәзірімен қамтылған

## Жобаның әлсіз жақтары

1. Білім беру ұйымдарында ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу үшін дайындалған педагог кадрлардың болмауы
2. Инклюзивті білім беру бойынша педагог кадрларды даярлау оқу бағдарламаларында болмауы, оқу курстарының болмауы

## Жобаның мүмкіндіктері:

1. Сапалы деңгейде білім алып шығу
2. Болашақта еліміздің өркендеуіне өз үлесін қосу
3. Психофизикалық мүмкіндігі дамиды
4. Оқудағы негізгі қиындықтары жойылады
5. Әлеуметтік адамгершілік қасиеттері дамиды
6. Жағымды мінез-құлық қалыптасады

## Қауіп қатерлер

1. Ата-аналардың білім беру жүйесіне және орталыққа күмәнмен қарауы



Елбасымыз Қ.Ж. Тоқаевтың алғашқы жолдауында мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау көрсету мақсатында Үкіметке 3 жыл ішінде кем дегенде 58 млрд. тг көлемінде ақша бөлуге тапсырма берді.



«Өскемен қаласында мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған 70 орындық орталық ашу»



Демеуші:  
Республикалық бюджет  
Облыстық бюджет



580, 000  
млн.тенге.





## Жобаның өнімі

Орталық арнайы жабдықталған логопед, сурдопедагог, дефектолог, психолог кабинеттерімен, невропатолог, офтальмолог, стоматолог және физио емдеу, спорттық –сауықтыру сенсорлы бөлмелерімен, массаж кабинеттерімен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар арнайы ас мәзірімен қамтылған, 3 уақыттық ыстық тамақпен және көмекші қызметшілері бар асханамен және балаларды орталыққа дейін арнайы көлікпен жеткізу ұйымдастырылған. Ерекше қажеттілікті балалардың болашағына зор сеніммен қарауына және өмірге бейімделуге мүмкіндік береді.

